



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

бұл сөз екі сөздің бірігуінен тұрғандықтан біздің жоғарыдағы айтқандарымызға сәл-пәл сәйкес келмей тұр.

Қазақ тілі мен ноғай тілінің ұқсастықтары екі тілдің дыбыстық жүйесінде ғана емес, тіл құрылымының барлық деңгейінде молынан көрініс береді. Дыбыстық жүйеге қатысты алатын болсақ, негізгі мәселе дауыссыз дыбыстардың дыбыстардың таңбалануына байланысты болмақ. Ноғай алфавитіне тән бір дыбыстың қос әріппен таңбалануы, тек осы тіл үшін ғана емес, кез келген тіл үшін де орфографиялық кемшілік болып табылмақ. Қорыта келгенде, екі тілде де дауысты дыбыстар жақтың қатысына қарай, еріннің қатысына қарай, тілдің қатысына қарай бөлінеді және олардың дыбыстық сипаттамасы негізінен бірдей болып келеді. Ал өзгешіліктер дыбыстың әліпбилік таңбалануы мен дауысты дыбыстардың санына қатысты болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе.- Алматы, 1985.
2. Жүнісбеков Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс. 2009.
3. Кукаева С.А. К проблеме этнолингвистической витальности ногайского языка. – Черкасск, 2008.
4. Ногай халк йырлары, Москва, 1969.

ӘӨЖ 811.512.122'373: [61:001.4]

МИФЕМАНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Әсетова Ж.Б.

assetova@inbox.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, филология: қазақ тілі
мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Жақыпов

«Мифология — ғаламдық, кешендік сипатқа, әлем халықтары арасында кең қолданысқа ие болған, мифологиялық сюжеттерді, қойылымдарды, образдарды белгілеуге арналған термин. Мысалы: алғашқы адам мифологиясы, Әлем ағашы мифологиясы, Топан су мифологиясы және т.б. ...»[1].

Мифема ұғымы ғылыми айналымға К. Г. Юнг және К. Керенйдің «Введение в сущность мифологии» (1941) монографиясы арқылы енген. «Мифология» термині амбивалентті табиғатқа ие: бұл – мифологиялық материал мен жаңа материал түзуге арналған дүние; мифология өнері өзіндік ерекшелігі бар тілдік фактілермен анықталады. Бұл материалдың көпшілігі көне заманнан салт-дәстүрлер арқылы сақталып, Құдай мен құдіретті күшке ие болғандар туралы, ерлік үшін соғыстар мен жер асты әлеміне саяхат туралы аңыз-әңгімелер ішінде болған, олар көпшілікке танымал, бірақ әлі де зерттеуді қажет ететін, жаңа шығармашылық жұмыстарға дерек көзі болуда. Қазіргі әдебиетте «мифология» сөзі мифологиялық уәждерді саналы түрде белгілеу үшін және көркем мәдениет әлеміне көшіру үшін жиі пайдаланады.

Мифема мифтік мәтінді түзетін элемент болып табылады және мифтік санамен тікелей байланыста болады. Мифема – бұл екі мифтік фактілердің өзара әрекеттесуін білдіретін, сананың мифтік шынайы болмыста жүзеге асу бірлігі. Миф дегеніміз үнемі мифтік шынайы болмыс: жүзеге асқан немесе жеке дара жүзеге асқан (сананың мифтік шынайылығы, мифтік сана) және ұжыммен жүзеге асқан (лингвистикалық немесе салттық мәтіннің мифтік шынайылығы). Мифтік санада мифема жеке дара жүзеге асу актісінен кейін шығады, себебі мифтік сана дегеніміз барлық жерде және барлық байланыстарды жаппай көре білу, сондай-ақ нәрселердің мифтік байланысы заңдылықтарын көре білу болып табылады. Осы заңдылықтардың жүзеге асуы мифтік әрекеттесу, яғни мифема болып табылады.

Мифеманың тағы бір анықтамасы: мифема дегеніміз мифтік болмыстағы фактілердің мифтік әрекеттесу заңдылықтары болып табылатын, сананың мифтік шынайылығының жүзеге асу бірлігі, ондағы сананың мифтік шынайылығы - уақыт пен кеңістіктің ерекше жағдайындағы барлық мифтік фактілер байланысы заңдылықтарының субъективтік-объективтік ұжымдық-жеке дара түсініктерінің жиынтығы[1]. Миф пен салттың байланысын есепке алып, салттық фольклор мен миф байланысты деп білеміз. Мәселенің осылай қойылуы мифпен баллада арасындағы (фольклор жанры ретінде) қатынас мәселесін шешуге мүмкіндік береді, себебі халық балладасын ертегімен, аңыздар мен дұға баталармен салыстыру бұрыннан бар. Балладаның прозаға жақын болуы оның эпикалығы, ерекше музыкалық суреттемелерді назарға алмауы, орындау барысындағы салтты ұстануы, сонымен қатар мәтін ішіндегі «салттың қоюлануы», олардың тура мағынасындағы көне сипаттары балладаны ертегіге, аңызға, әфсанаға жақындастырады. Ал олардың мифпен байланысы бар. Сонымен қоса зерттеушілердің пікірі бойынша да баллада оның барлық «фантастикалық элементтеріне» қарамастан шынайы деп есептеледі және баллада мен мифтің байланысы құрғақ сөз еместігін дәлелдейді. Осы орайда, нағыз салттардың негізгі тұғырында миф жатқан баллададағы өлеңдік мәтіндерінің қызметін орындауға ұмтылыс жасалғанда миф өзі салт ретінде алынады да оның екінші қабаттағы синкреттік фактісі анықталады. Әрине, балладалық ерекшелікті осы миф анықтайды, балладаны жанр ретінде шығарады және оны басқа жанрлық бірліктер ретінде бөлшектейді. Осы орайда мифтің санкциялаушы және демаркациялық қызметі жүзеге асады; екінші қабаттық синкретизм фактісі мифтің белгілі бір, уақытша немесе тұрақты әлеуметтік құрылымдарды ұйымдастыра білу қабілеті арқылы жүзеге асады, оның әлеуметтендіруші қызметінің мәні де осында. Балладалық жағдай небір мінез-құлықтар жөнінде қорытынды шығаруға мүмкіндік береді, көбінде баллада өз оқиғасына қатысты ақыл өсиет айту сыңайы білінеді, осынысымен мифтің этикалық қызметі де көрініс алады. Баллададағы миф мифтік элемент ретінде жүзеге асады, сонымен қатар ол мифтік қасиеті, уақыттық және кеңістік өлшемдері бар мифтік болмыс ретінде өмір сүреді, оның орталығы мифеманың яғни субъекті мен объектінің арасындағы ерекше сипатты іс жүзіндегі қатынас болып табылады. Мифеманың субъектісі мен объектісі арасындағы қатынастар әрқашан өз заңдылығына бағынады, сол арқылы мифтік болмыстың өзі шынайы әрі объективті болады.

Мифеманың аллегориямен, символмен, метафорамен ұқсастық-айырмашылықтары бар.

Аллегория, метафора адам танымының тереңдеуімен байланысты болса, мифтік таным ең алғашқы таным баспалдағы. Белгісіз дүниені түсіндіруге тырысқандықтан одан да белгісіздігі мол дүниені танып-білуге ұмтылу, егер де ол дүние тіпті, танып білуге мүмкіндік бермесе, тәңірге, құпия ғаламат күшке сілтеме жасау – мифке тән ерекшелік.

Ал символмен мифеманың арақатысын былайша салғастыруға болады:

- миф – адам танымының алғашқы бастауы;
- миф белгісіз дүниені түсіндіруге бағытталса, символ одан алшақтатады;
- миф әлем, дүние жөнінен хабар береді, ал символ оны атайды;
- миф моделі динамикалық құрылымға ие, символдық модель мейілінше тұрақты

[2, 174; 3, 51].

Метафорамен арақтынасына келсек, мифема мәңгілік пен өтпелілікті белгілеуге ұмтылады. Метафора шындықты тануды тереңдетеді, ал мифемада одан алшақтатады. Метафора тілдегі мағынаны, ал мифема жалпы идеяны танытады. Метафора мен мифема негізінде образ жатыр [1, 227; 4, 46].

Қазақ мәдениеттану тарихы мен тіл білімінде мифтік таным іздері Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Тұрсынов, К.Ақышева, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, А.Сейдімбек, С.Қасқабасов, С.Ақатаев, С.Қондыбаев еңбектерінде сайрап жатыр. Сондай-ақ М.Искаковтың «Ғылым және соқыр сенімдер», Б.Қанарбаеваның «Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі», Ж.Қ.Мадалиеваның «Қазақ мифологиясының мәдени және рухани құндылықтары», Б.Ақбердиеваның «Лексика-

фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар» еңбектерін атауға болады.

Ал тіл мен мифологияның арақатынасынан біршама басқарак жағдай байқалады. Мысалы, бұл мәселе жөнінен тиісті әдебиеттерде әр кез әртүрлі пікір айтылып келді. Мифология мифтер жөніндегі дербес ғылым ретінде XIX ғасырдың өзінде-ақ жеке бой көрсете бастады. Ол салыстырмалы-тарихи үндіеуропа тіл білімінің бағытымен, соның әдіс-тәсілдерімен дамыды. Кейін оның материалына әдебиет зерттеушілер пен фольклористер зер салып, мифтерді өз тұрғыларынан талдауға кірісті. Ал этимолог тілшілер ең алғашқы көне мифологиялық жүйелерді және олардың фрагменттерін негізінен лингвистикалық жолмен анықтауға тырысты. Тіл білімі мен мифологияның өзара байланысы этнолингвистика ғылымының зерттеу аясына кіреді.

А.Тұрышев «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы мифологиялық лексика» атты еңбегінде мифтерді екі топқа бөледі: тәңірлік (шаман), екіншісі діни (ислам) мифтері. **Діни (ислам)** мифтерін *кереметтер* және *демонология* деп екіге жіктейді. Ғалымның пікірінше, қазақтар әуелде Мұхаммедті білмей тұрғанда да Тәңір мен Аллаға бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақыстардың құдіретіне де сенді, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтты. Халық отқа табынып, ал бақыстар болса, жын-перілермен қоса мұсылмандардың періштелерін де шақырып, Алланы да мадақтады. Осылай екі дінді араластыра табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстаған [5,12].

Ғалым А.Тұрышев **тәңірлік (шамандық) лексикаға: тәңір, ұмай, ана, аба, абыз, абыш, бақы** деген мифемаларды жатқызса, **Тотемдік лексикаға: абжылан, оқ жылан, бөрі, шене, қазығұрт, ұлыма, итала қаз, інгек > сиыр, серке, алмажсайындар сияқты мифемаларды; Ислам діни кереметтер таным лексикасына: Ғайып ерен қырық шілтен, Бабай Түкті Шапты Әзиз, Қызыр Ілияс, Алып, Шайхы, Қожас, Керемет, Құдірет, Құт, Кие, Ие; Демонология лексикасына: Албасты, Ібіліс, Қара Албасты, Қызылбас, Диуана, Жезтырнақ, Шайтан, Жалмауыз, Сөрел, Кесір сияқты мифемаларды атайды.**

Мифтің теориясы әлі күнге дейін толық құрылмағанымен миф туралы әр түрлі концепциялар, болжамдар XIX ғасырдың ортасынан бері қалыптаса бастаған. Солардың ішінде Э.Тейлордың, Г.Спенсордың, В.Вундттың, К.Г. Юнгтың, Р. Барттың, Дж.Фрезердің, Ф. Лосевтің және Қазақстан зерттеушілері Б.М. Тлеубердиев, Б. Ақбердиева, С.Е.Керімбаеваның да ғылыми тұспалдары бар. Ғалымдардың пайымдауы бойынша, мифтердің пайда болуының негізгі себебі – жоғарғы күштердің нақты түрде бар екенін түйсік негізінде сезіну, олардан қорқу: **«Ең бірінші адамдар заттардың түрлі ұғымдарын құра алмаған, сондықтан да поэтикалық мінез – құлықтарды, қиялдық түрлерді немесе әмбебаптық құрылымдарды ойлап шығарған. Оларды идеалдық сурет ретінде санап, соларға жеке түстерді жатқызған»**[6].

Э.Тейлордың айтуынша мифтердің негізінде анимистік болжам жатыр, себебі мифтерде жансыз заттар жандылар ретінде қарастырылып, жанға ие болады. Жандылардың іс – қимылдарын оңай түрде түсіндіруге болады.

Дж.Фрезерше, миф – магиялық іс-әрекеттің мәнін ақыл-ойлық немесе сөздік түрде ұғынуы.

В.Вундттың, Л.Леви-Брюльдың, К.Г. Юнгтың пікірінше, мифтің негізінде ежелгі адамдардың дүниені қабылдауда орын алатын ерекшеліктері жатыр, себебі байырғы адамдар сезім, эмоцияларды мифологиялық апперцепцияның қасиеті деп санаған. Сондықтан да миф ерекше ойлау іс-әрекетінің («алғашқы ойлау түрінің») өнімі. Миф арқылы эмоциялар бейнелі түрде жүзеге асырылған дейді. Қазіргі ғалымдардың миф туралы түсініктерін мынадай түрде топтауға болады:

1) миф – адамдардың өзінің болмысын ұғыну әрекеті. Алғашқы адамдар мифтерге әбден үйір болып, солармен эмоционалдық және логикалық ассоциациялар арқылы танысқан;

2) мифологиялық ойлау тәсілінің пайда болуы абстрактілік ұғымдардың жеткіліксіздігінен, сондықтан да әмбебаптық ұғымдарды нақты түсініктер арқылы білдіру

қажеттілікке айналған;

3) миф алғашқы адамдардың сана-сезімдерінде қалыптасқан табиғаттық құбылыстардың ырғақтарын, олардың қайталанбалы кезеңдерін бейнелі түрде көрсетеді;

4) мифтердің құрылымдары адамның психикасының ерекшеліктерін бейнелейді;

5) миф ұжымдық тәжірибемен байланысты. Ұжымдық тәжірибе жеке тұлға үшін сенімнің нысаны болды, ол ата – бабалардың даналығы ретінде қаралды. Миф ата – бабалардың наным – сенімі ретінде қарастырылып, ақиқат болды, сондықтан тексеруге жатпайтын даналық түсінік ретінде саналды;

6) миф табиғаттың заңдылықтарын бейнелі түрде көрсететін тәсіл. Мифтерде абстрактілік ойлаудың әлсіздігінен табиғаттың құбылыстары дербестелген, оларды алғашқы адам саналы түрде жүзеге асырылатын ерік – жігермен байланыстырған. Сондықтан да мифтерде негізгі тұлға құдірет болған.

А.Ф.Лосев мифті метафорадан және символдардан айыра отырып, мифке мынадай анықтама береді: **«Миф бейнелерді нақты субстанциялды түрде көрсететін тәсіл. Аллегорияда, метафорада, символда шартты түрде түсіндірілетін ұғымдар жүзеге асырылады, ал мифте осындай мәнділікті бейнелер нақты оқиғалар ретінде көрініс беріп, нақты субстанциялық түрде жүзеге асырылады»** [7].

Көптеген теориялардың ішінен Э. Кассирердің көзқарасын атап өтуге болар еді. Ол мифологияны тіл мен өнермен қатар мәдениеттің дербес бейнелілік нысаны ретінде қарастырды. Мифтік сана кілтті қажет ететін құлып ретінде түсіндіріледі. Миф шығармашылық тәртіптің, тіпті болмысты танудың нысаны ретінде көрсетіледі. Мифологиялық танымды адамның сана-сезімінде қалыптасқан ментальды-бейнелілік схема ретінде қарастыруға болады. Оның тілге қатысы тек қана сырттану процесі үдерісінде айқындалады. Сондықтан да Р.Барт мифті мәдениеттің симболикалық тұлғасы ретінде зерттеп, мифтік сана-сезімді белгілі кілті бар код ретінде сипаттаған. Р.Барртың пайымдауынша, мифті коммуникативтік жүйе, хабарлама деп те санауға болады. Өзінің анықтамасында ғалым мынадай пікірін білдіреді: **«Миф коммуникативтік жүйе ретінде жүзеге асырылады. Ол белгілі ақпаратты жеткізу тәсілі, миф ұғым да, зат та, идея да емес, ол тұлға белгілеу тәсілі»** [7].

Миф «ойдан шығарылған» емес, өткеннің қалдығы да емес, ол – ежелден бері адамның өзін-өзі, қоғамды, әлемді сипаттауының және түсіндіруінің терминдері көрініс тапқан алғашқы сипаттау тілі. Миф пен сананың фетишизациясы ұғымы тығыз байланысты, бұл байланыс нысандарға оларда жоқ қасиеттерді, адамдарға олар өздері теліген қасиеттерді тиесілендіруден көрінеді.

Мифтердің адам үшін маңызы өте зор. Олар арқылы адам әлемнің жан-жақтылығын қабылдауды реттейді. Олар өмірге бейімделудің ғылыми білім нысанына қатысты баламалы нысан болып табылады.

Адам мифтерді өзі ойлап табады да, соларға өзі ерікті түрде бағынады. Мифтік бейнені түсіндіруде бір нәрсені көтермелеу, құдірет тұту белгілері бар.

Мифтік ойлану жан-жақты сипатқа ие. Ол өмірді тудырады және өзі өмірлік тәжірибемен тығыз байланысты. Зерттеушілер мифтің бес негізгі белгісі оның мәнісі туралы түсінік береді, мифемалар:

1) эмоционалдық бояуға ие;

2) мінез-құлықтың үлгісі – модель ретінде іске асырылады;

3) қорытындылық сипаты (қабылдау және күйзелістің, елес және іс - әрекеттің, бейне және идеяның тұтастығын қамтамасыз етеді) бар;

4) түсіну және мағыналық талдаудың нормаларын белгілейді;

5) абсолютті, ақиқаттық түрде жете ұғындырылады [8].

Мифтің осындай белгілері адамзаттың әмбебаптық көзқарасының қалыптасуына себін тигізді, өйткені миф әлемнің пайда болуы туралы түсінік беріп, адамның мәнісін және орнын айқындаған, жеке құдірет пен адамдардың өзара қатынастарын қарастырып өлім мен өмір мәселелерін шешуге тырысқан, оның бастапқы ерекшеліктері адамдардың көзқарасының

калыптасуына ықпал еткен. Олар:

1) әлемнің тұтастығы, ғарыш, табиғат, адам өзара байланыста болған. Олардың бәрі рухтанған бастамамен жанданған (әлемдік жан) элементтермен байланыстырылған;

2) адамның дамуы құдіретпен, ғарышпен байланыста болған. Адамның болмысына қатысты барлық құбылыстар, адам үшін мағыналы түсініктер, ұғымдар – бәрі де ғарыштан шыққан;

3) әлемді тану қабілеті адамға бастапқы кезде берілген. Сондықтан адам одан бұрын не болғанын тек қана есіне түсіріп отырады. Адамдар өздерінің іс – қимылдарында құдайдардың ежелгі заманда жасаған әрекеттерін қайталайды;

4) әлемнің күрделілігін символдар арқылы тануға болады, себебі символ – абсолюттың белгісі деп түсінеді.

Б. Ақбердиева мифтің табиғатын дұрыс қарастырады. Оны ментальдық, мифологиялық ойлаудың тәсілі ретінде санап, байланысын көрсеткен. Тілдің танымдағы орнын ғалым өз анықтамасында: «Мифтік танымды құрылым ретінде қарастыру, оның логикалық құрылысын, филологиялық мазмұнын, психологиялық мәнін, поэтикалық өрілуін т.б жақтарының тұтасып келіп тілде сабақтасқан көрінісін кешенді түрде зерттегенде ғана тіл мен танымның байланысы анықталмақ»[9,25].

Мифтің тілге тікелей қатысы бар екенін қазақстандық ғалымдардың бірталайы (Б.М. Тлеубердиев, С.Қондыбай, Б. Ақбердиева, С.Е. Керімбаева, т.б) ономастика саласындағы зерттеу барысында, тікелей мифтердің құрылымын талдағанда дәлелдеген. Сондықтан да Б. Ақбердиева тіл мен мифтің байланысын атап өтіп тілді мифологиялық дүниетанымның көзі деп қарастырады: мифологиялық таным түсініктерде сұрыптау және оны тілдік жағынан түсіндіру қазіргі кезде өте маңызды. Себебі тарихи-әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тіл – мифологиялық «дүниетанымның жинақталған бірден бір көзі».

Қазақ әдебиетінің тарихында, соның ішінде, қазақ мифологиясына ерен еңбек сіңірген ғалым-зерттеушілердің бірегейі – М. О. Әуезов. Қазіргі заманда С.Қондыбай тұғырлаған қазақ мифологиясы бұрынғы кезде қазақ фольклорының аясында қаралып келгені рас. Бірақ та уақыт өте келе, халықтың сұранысы жоғары көтеріліп, санасы жетілген уақытта бұл сала жекелек пен даралықты талап етті. Өйткені оның аясы басқа ғылымдар секілді, ауқымды, кең болды. Жаңаша пайымдап қарасақ, мифология – тіпті, ес білмеген, ықылым заманда, фольклордан бұрын пайда болған ғылыми пән.

Мифтік символиканың, мифологиялық сананың, мифопоэтикалық ойлау жүйесінің көркемдік дәрежеде сақталып жетуін біз халық ауыз әдебиетінің небір маржан үлгілерінен анық көреміз.

Ислам дінінің қазақ жерінде әлі үстемдік құрмай, тылсым күшті жанына медет етіп, соған бар өмірін «арнаған» халықтың танымына талдау жасайды, *бақсы, жын, пері, албасты, жезтырнақ, ұббе, шайтан* секілді хикаялық мифонимдердің қызметін атап кетеді. Халық мәдениеті, халық танымы барда оны сақтаушы, жеткізуші, қолданушы бар. Мифтік түсініктер, ұғымдар – халық санасында жатталып, қажетті қайнар бұлақты болашаққа тасып жеткізуші құрал. Миф – қиялдан туған, ойдан шығара салынған дүние емес, халықтың дүние, әлем, өзі турасындағы шындықтың айнасы. Осы орайда ұлттық белгі-бейнелеулердің қатарында **мифонимдер** де бар. Яғни мифтік сюжетке қатыса отырып, сол арнаға кірігіп кетіп, бір кеңістік шеңберінде жүретін хикаялық-мифтік кейіпкерлер. Жоғарыда атап өткеніміздей, миф фольклордан бұрын пайда болды десек, мифология ұзақ уақыт бойы халық танымы мен аңыз-эпсана, хикаяларын жеткізуші, дамытушы басты құрал десек, хикаялық мифонимдер қоғамның алғашқы сатылық даму кезеңінде, яғни барлық таным мен мәдениеттің басында тұрды. Осы ретте ғалым Е.Жұбановтың мына пікірін келтіріп кеткен жөн: «Миф тудырған образдар эпос геройларынан анағұрлым бұрын пайда болды. Оған қиял-ғажайып ертегілеріндегі «мерген», «ер», «батыр» т.б. кейіпкерлердің берідегі эпоста, батырлар жырларында аты аталатын образдардан әрірек замандарда туғаны, тарихтан бұрынғы дәуірлер тумалары, алыс заман айғақтары екені дәлел бола алады» [10,89-90]. Заман өте келе, адамның санасы жетіліп, дүниені танып-білуі жетілгеннен кейін де бұл образдар

халық санасында жоғалған. Керісінше, одан әрі үздіксіз дамып, халық арасында кеңінен пайдаланылды. Көркем шығармалардың барлығында дерлік мифологияның, құрығанда, бір ұшқыншағы көрінеді, яғни поэтикалық шеңбері түрліше дамып, көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <http://ru.wikipedia.org/wiki/Мифема>.
2. Лосев А.Ф. – Философия. Мифология. Культура. – Москва, 1991.
3. Белый А. – Символизм и миропонимание. – Москва, 1994.
4. Сыбанбаева А. – Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, 2002.
5. Тұрышев А.Қ – Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары лексикасының этномәдени негіздері. – Павлодар, 2010.
6. Керимбаева С.Е. – Ономастическая экспликация мифологической мира в казахском языке. -Алматы, 2004.
7. Юнг К.Г. Об архитипах коллективного бессознательного. -Москва: Ренессанс, 1991.
8. Тлеубердиев Б.К. - Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілер. – Алматы: Арыс, 2006.
9. Ақбердиева Б.К. – Лексика-фразеологиялық мифтік-танымдық құрылымдар. – Алматы, 2000.
10. Жұбанов Е. – Қазақ ауызекі көркем тілі. – Алматы, 1999.

ӘӨЖ 821.512.122-3.09

М.МАҒАУИННИҢ «АЛАСАПЫРАН» РОМАНЫНДАҒЫ МЕТОНИМИЯЛАРДЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Байбол Бекзат Мейрамбекқызы

bibon_kz95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.С.Мұхтарова

Сан қилы тарихқа толы «Аласапыран» романының қазақ тілімізде, тарихымызда алатын орны зор. Романда метонимиялар көптеп кездеседі. Метонимия дегеніміз – бір жақ аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағына аралығында жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданылатын және сол құбылысты түгел көрсете алатын көркемдік тәсіл. Олардың тілдік тұрғыдан алғанда мағынасы өте зор. Автор троптарды кең қолданған. Метонимиялардың орнын ауыстыру арқылы мағыналарын ашып кеткен. Қай тіл болса да, оның сөздік қорының мол болуы сол тілде сөйлеушілердің қарым-қатынасын жақсартуға, айтайын деген ойын терең, мазмұнды етіп түсіндіруге өз септігін тигізеді. Тілдің қолдану аясының кеңдігін танытатын құбылыстың бірі, ғылымда троптар деп аталады, ал оның негізгі бір түрі – метонимия.

«Метонимия» гр.сөзі, атын өзгертіп, алмастырып атау деген мағынаны білдіреді. Ең алғаш метонимияға анықтама беру Аристотельден басталады. Одан кейін Квинтилиан мен Цицерон түсіндіріп кеткен. Қазақ тіл білімінде метонимияға берілген анықтамалар да аз емес. Мысалы, І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың анықтауынша, «метонимия» - бір сөздің орнына екінші бір сөздің ауыс қолданылуынан шығатын іргелес ұғым. Академик З.Қабдоловтың тілімен айтсақ, метонимия «өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану». Ал Қ.Жұмалиев былай деп анықтама берді: «Не құбылыстың бір жағы, не аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағынада араларындағы жақындығымен бірінің